

**"Қазақстан Республикасының мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы мәселелері бойынша кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1361 қаулысы  
**Ескерту. Заң жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінен кері қайтарылып алынсын - ҚР Үкіметінің 2004.10.14. N 1054 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы мәселелері бойынша кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**Қазақстан Республикасының мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы мәселелері бойынша кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы**

**1-бап.** Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

- 1) "Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 21 маусымдағы Заңы (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 26, 345-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 9-10, 158-құжат; N 15, 208-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; N 17-18, 219-құжат; 1998 ж., N 24, 432-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; 2001 ж., N 1, 4-құжат; 2001 ж., N 13-14, 173-құжат; 2002 ж., N 6, 71-құжат);
- 2) "Қазақстан ССР-сында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қолданысқа енгізу туралы" Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылғы 21 маусымдағы қаулысы (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 26, 346-құжат).

**2-бап.** Осы Заң 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК